

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ  
С.Д.АСФЕНДИЯРОВА**

**Тақырыбы:**

**Араб халифаттарының медицинасы . Абу Али ибн  
Сина . Дәрігерлік ғылым қағидалары .**



Орындаған: Жүсіпәлі Айгерім  
Факультет: ҚДС  
Тобы: 13 001 02  
Курс : 3  
Қабылдаған: Абиырова Назым



# Жоспары

**Кіріспе**

**Негізгі бөлім**

1. Араб халифатының құрылуы
2. Араб халифаттарында медицинаның пайда болуы
3. Араб медицинасының дамуы
4. Абу Али ибн Сина өмір тарихы
5. Медицинаға қосқан үлесі

**Қорытынды:**

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

---

## Араб халифатының құрылуы

632 жылы Мұхаммед пайғамбар өлген соң қауым басшысы болып Мұхаммед пайғамбардың әрі жақын досы, әрі қайын атасы Әбу-бәкір (632-634) жарияланды. Ол “Халиф” (орынбасары) деген атақ алды. Бұл өте мазасыз кезең еді. Жан-жақты Мединаның билігін мойындағысы келмеген тайпалар арасынан жалған пайғамбарлар шыға бастады. Осындай мазасыз кезеңнен кейін араб жазушылары мен тарихшыларының еңбектерінде “Ар-Рида”, яғни, “дінінен безу”, “дінінен бөліну”, деген атаққа ие болады. Ал шын мәнінде ол “діннен безгендер” деп саналған тайпалар әлі ислам дінін қабылдамағандар еді. Жалпы Мұхаммед пайғамбар өлген кезде Ислам дінін қабылдаған араб тайпаларынан ол дінді әлі қабылдап үлгермеген тайпалар көп болатын. Олардың кейбіреулері өздерінің бұрынғы нанымдарында қалғанымен, мединалық қауымның саяси билігін мойындады. Енді біреулерінің арасында ислам дінін қабылдап, Мединаның ықпалына бағынуды жақтайтын топтары болды. Сондай-ақ ислам туралы хабары жоқ, мединалық қауымның ықпалын сезінбеген тайпалар да болды .

---



## Араб Халифатында медицинаның пайда болуы және дамуы

Араб медицинасы - араб елдері мен ислам дінін қабылдаған халықтар арасында орта ғасырларда жақсы дамыған ғылым салаларының бірі . Шығыста ислам дініне дейін емдеу жұмыстарын ирандықтар , еврейлер , сириялықтар жүргізді. Сол кезеңдегі дәрігерлердің білікті ұстазы Харет ибн Кадалахтың араб тілінде жазылған еңбектері қазіргі кезге дейін сақтаулы . Бұл еңбекте тамақты тарта жеудің , денені таза ұстаудың , ішімдікті көп ішпеудің т.б негізгі ережелер айтылған . Мұхаммед пайғамбар Кадалахтың әдістемелік тәсілдерін Құранның сүрелеріне енгізген . Араб халифатында ауруханалар жүйелі түрде жұмыс істеуге көшірілді . Орта ғасырлардағы Араб елдерінде ауруханалардың жанынан медициналық мектептер ашылды . Олардың бай кітапханалары , ғыл орталықтары болған . Мұндай орталықтар Бағдатта (8ғ), Кордова мен Куфеді (10ғ ) Дамаск мен Кирде (13ғ) ашылған. Дәрігер даярлау әр сала бойынша (тіс дәрігері, хирург т.б.) жүргізілді. Науқастың түрі мен сипатына қарай жіктеп емдеуді тапқан арабтар болған. Олар үлкен қалаларда тазалық ережелерінің бұзылмауын қадағалап отырған. Ауруды емдеу және одан сақтандыру негізгі мақсатына айналған.

## Араб медицинасының дамуы


Араб халифаты кезіндегі Шығыс халықтарының мәдениеті ерте шығыс және антикалық цивилизацияның жетістіктері болып саналған. Арабтар еуропалықтармен қатынаста болып Қытайда жасалынған компас, қағаз және оқтарды берді. Араб елдерінде астраномиялық обсерваториялар жұлдызды каталог негіздерін қалаған, әлемнің атақты елдеріне географиялық сипаттама берілген. Үлкен қалаларды кітапханалар оқу ғылыми, ғылыми және діни дискуссияларға арналған бөлімшелермен бірге салынған.



## Араб халифат медицинасына үлес қосқандар

Аристотельдің мед. еңбектерін арабтарға алғаш таныстырған — филофсоф, математик, астроном, дәрігер әл-Кинди (шамамен 800 — 870 ж.).

Ол жазған 20 шақты еңбектің ең елеулісі (“Дәріні дайындау және қоладун мөлшері”) латын тіліне аударылған. әл-Киндидің дәрігерлік көзқарастарын Әбу Насрәл-Фараби және Әбу Әли ибн Сина одан әрі дамытты. әл-Фарабидің “теориялық және практикалық медицина” деген кітабында А. медицинасындағы ғыл. көзқарастар баяндалған. әл-Фараби қоршаған ортаның адам денсаулығына тигізетін әсерін алғаш рет айтқан. Оны ибн Сина өз еңбектеріне негіз етіп алған. ибн Сина (980 ж.т.) философия, математика, мед. т.б. ғылым салалары бойынша Хиуада білім алып, Гиппократ, Гален еңбектерімен жете танысты.



Орта Азия, Иран, Түркістан елдеріндегі мед. саласының даму барысын жүйеледі. Оның “Қанун” атты еңбегі 6 ғ. бойы Шығыстың әдіргерлік мектептерінде және Еуропаның ун-терінде негізгі мед. оқулық ретінде пайдаланылды. ибн Сина осы кітабында дерттің түрлерін анықтау, оны емдеу тәсілдері, ауруды күту т.б. мәселелермен бірге 760 дәрі-дәрмек жөнінде сипаттама жазып, мұра етіп қалдырды. 12 ғ-да “араб философы ибн Рушданың шешек ауруына, көз құрылысына сипаттама беріп, еудеу жолдарын талдаған “Китаб әл-Күллийә” кітабы латын тіліне аударылып, бүкіл Еуропаға тарады. А. мед-ның дүние жүзіне тарауына үлкен ықпал жасаған Ортаазиялық ғалым Бәкр Зәкәрия (әр-Рази). Ол науқасты емдеу үшін хим. жолмен алынған дәрілерді пайдалануды ұсынды. Араб дәрігрелері органик. заттардан дәрі алудың жолын алғаш тапты. 754 ж. Бағдатта алғашқы дәріхана ашылды.

Ғалымның толық аты-жөні Абу Али Хусейн ибн Абдаллах Ибн Сина, еуропалық дәстүр бойынша ол Авиценна деген атпен мәлім.

**Әбу Али ибн Сина** 980-1037 өмір сүрген . Бұқарда оқыға және сол жерде жұмыс істеген . Ибн Сина өзінің заманындағы барлық ғалаымдарды : грмматикадан бастап заң тану ілімінеи дейін игерген . Кейін ол бір атақты дәрігердің қолдауымен медицина саласын жете оқып , оны өзінің кәсіби жұмысы еткен . Сол кезде Бұхар әміршісін емдегені үшін оған силық ретінде Бұхараның атақты кітапханасына баруға рұқсат беріледі . Ол заманда бұл кітапхана ең ірі , ең бай кітапханалардың бірі болып есептелінген.





Ибн Сина сол жерде білімін жетілдіріп көптеген шығармашылық мұра қалдырып кетті: ертедегі деректерге қарасақ, ол 456 жуық еңбек жазды, бірақ бізге дейін оның 240 кітабы ғана жетті, ол еңбектер поэзия мен философиядан бастап, геология және астрономиямен аяқталып, білімнің барлық саласына арналған. Үлкен атаққа Ибн Сина дәрігер, ғалым және фармацевт ретінде ие болды. Ол бар болғаны 57 жыл өмір сүрсе де (980-1037 жылдары), оның өмірі мен дарыны осы уақытқа дейін аңызға айналып келеді.

Ибн Сина 980 жылы 16 тамызда Бұхара маңындағы Афшана ауылында дүниеге келген. Оның өзі жазған (ол оның алғашқы 30 жылын қамтиды) және оның шәкірті Джурджани жалғастырған өмірбаяны сақталған. Өзінің шыққан тегі туралы Ибн Сина былай деп жазады: «Менің әкем Балхадан, Нуха ибн Мансураның билік жасаған саманидасы кезінде Бұхараға көшіп келіп, онда төрелер кеңесінде жұмыс істеді. Оның қарамағына Бұхара өңіріндегі ауданның орталығы Хармайсананы береді. Афшанға жақын ауылдан, менің анам Ситара – жұлдызды өзіне әйел етіп алды.

---



# Қорытынды

Сонымен орта ғасырлардағы Араб елінің медицинасында көп жаңалықтардың ашылуымен байланысты деуге болады . Бірақ ғалымда бұрыннаң қалыптасқан бұл ұғымды жеңу оңай болған жоқ себебі көне заманнан келе жатқан түсінікке қарсы болу , дінге қарсы шығумен бірдей болатын . Орта ғасырларда араб халифатының құрамында (гректер, римдіктер, мысырлар , армяндар , ирадықтар , индустар , т.б ) болған , олардың ғалымдарының анатомияның салаларына және оташылдыққа қосқан үлесі зор болған, оның дәлелінің бірі ретінде көз ауруларын емдеу әдістерің келтіруге болады . Араб халифатының медицинасы классикалық орта ғасырлар кезеңіне өте зор дамып , жоғары деңгейге жеткен және Еуропа мен Азия мемлекеттерінде медицинаның дамуына зор улес қосқан

## *Пайдаланылған әдебиеттер:*

1. Бүкіләлемдік медицина тарихы Р.К Биғалиева 156-157 бет
  2. <http://www.who.int>
  3. <http://www.stat.kz>
-



**Назарларыңызға  
Рахмет**